

Г.С. Симұканова*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: simukanova@mail.ru)*

Профессор Ақселеу Сейдімбек және түркілік тұтастану идеясы

Түркі тектес халықтардың түбі бір. Олардың өмір салты, наным–сенімдері, тілі, ділі ортақ. Алайда XX ғасыр басындағы әлемдегі өзгерістер, оның ішінде кеңес заманы кезіндегі идеялық, саяси-әлеуметтік қақтығыстар Орта Азия мен Қазақстанның қала берді әлемнің түркі тектес халықтарының бірлігі мен тұтастығына зор нұқсан келтірді. Ұлт мүдделері де зардап шекті. Ал түркология ғылымы тілдік, ориенталистік шеңбермен шектеліп, Шығыстанудың бір саласы ретінде ғана қарастырылды. Өткен ғасырдың екінші жартысында әлемде жаһандану процесі жүрсе, соңына қарай Кеңестер Одағының құрамында болған мемлекеттер өз дербестіктеріне қол жеткізді. Осы Тәуелсіздіктің арқасында түбі бір түркі тектес этностардан құралған мемлекеттер өзара қарым-қатысқа, әр тарапты байланыстарға мүмкіндік алды. Соның негізінде саяси және ғылыми әдебиеттерде түркілік тұтастану мәселесі көтерілуде. Біздің ойымызша бұл заман талабы. Тәуелсіздік жылдарында түріктанушы ғалымдарымыз жоғарыда кеткен ағаттықтарға назар аударып, түркологияның көкжиегін кеңейтті. Әсіресе, түркі елдерінің тұтастану процесінің саяси-әлеуметтік, болмыстық-дүниетанымдық жақтарына көңіл бөліне бастады. Автор мақалада түріктану ғылымына белгілі деңгейде үлес қосқан профессор Ақселеу Сейдімбектің еңбектеріндегі түркілік тұтастану идеясын зерделеуді мақсат еткен.

Кілт сөздер: түрікшілдік, түркология, түркілік өркениет, түркілік мәдениет, түркілік мораль, түркілік дүниетаным, сабақтастық пен тұтастық, түркілік тұтастану, түркілік таным.

Кіріспе

Кез келген жеке мәселелердің түпкілікті шешімі оның жалпы мәселелерімен байланысты болады. Бұл түркі халықтарының бір–бірін тануларына да қатысты. Олардың тілі, әдебиеті, фольклоры, эстетикалық әлемі, этикалық ұстанымдары, мәдениеті мен салт–дәстүрлері, экономикасы мен саясаты тағы басқаларын зерделесек, бұл халықтардың арғы замандарда біртұтастықта болғанына көз жеткіземіз. Осыны терең сезінген түрік әлемі ойшылдары XX ғасырдың бас кезінде, түрік тілдес халықтардың мәдени–рухани тұтастығы жөнінде әңгіме ете бастады. Бірақ, оған әлемдегі түрлі саяси ахуалдар кедергі болды. Олар: ғасыр басындағы және сол ғасырдың ортасындағы дүниежүзілік соғыстар, кейінгі тоталитарлық жүйенің құрсауы, орындалмайтын жалған идеалдар мен мақсаттар т.б. Алайда, бір ғасырдай уақыт өткенде, дәлірек айтсақ сол XX ғасырдың соңына қарай тегі мен тілі бір түркі ұлыстарының тұтастығы мәселесі туралы идея қайта оралды. Әділдік үшін айта кеткеніміз жөн, мұның сыр–себепін бір ғана түрік тілді ұлттардың тұтастануға деген ұмтылыстарымен байланыстыру жөн болмас еді. Сондықтан да, біз профессор А. Сейдімбектің «түркілік тұтастық идеясының қайта дүниеге келуін әлемдік дамудың заңдылықтары аясында танып түсінгеніміз және түсіндіргеніміз жөн» [1; 57], – деген пайымы ғылыми-танымдық тұрғыдан ұстанымды деп есептейміз.

Әлемдік тарих пен өркениеттің дамуында түркі халықтарының да өзіндік орны бар. Адамзат даму тарихы көрсеткендей әрбір өркениет өзіне дейінгі дамыған мәдени, тарихи өркениеттің мирасқоры. Осы тұрғыдан алғанда әлемдік өркениеттің де өзінің өткен кезеңдерінен жинақтаған өзіндік даму, қалыптасу жолдары бар. Түркі өркениеті әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі, алайда осы сан ғасырлық тарихы бар өркениетті бұл күндері Қазақстансыз елестету мүмкін емес.

Түркі әлеміне танымал ақын Мағжан Жұмабаев кезінде:

«Қалың түркі енші алып тарасқанда,

Қара шаңырақ қазаққа қалған екен» [2; 47], – деп жырлағаны бар. Өлеңнің мән-мазмұнын нақты ұғынар болсақ, бүкіл түркі тектес этностарға қара шаңырақ болған Қазақстанның бүгінгі заманда да түркілік тұтастанудың орталықтарының біріне айналу мүмкіндігі мол. Бұның дәлелі ретінде Орта Азияны мекендеген бұрынғы кеңестік мемлекет құрамында болған елдер арасындағы соңғы жылдардағы экономикалық, әлеуметтік, рухани және сыртқы саясаттағы ынтымақтастық бойынша

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: simukanova@mail.ru

өткен кездесулер мен нақты шешімдерді айтсақ та жеткілікті. Бұл игілікті істерге баға бере келіп, ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаев өзінің «Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы» атты бағдарлық мақаласында: «Орталық Азия аймағы сан ғасырдан бері біртұтас геосаяси және рухани кеңістік ретінде белгілі. Бұл — табиғи ресурсы мен адам капиталы мол, мәдени-тарихи мұрасы бай өңір... Бүгінгі таңда бес мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынастар нақты мазмұнға ие болып, терең стратегиялық әріптестік пен одақтастық деңгейге көтерілді» [3] деп жазған болатын. Ендеше, бір кезде «енші алып тарасқан» әлемдегі түрік тектес этностардың жаһандану заманында жаңаша бірігуін, тұтастануын заңдылық деп түсінгеніміз жөн. Біз аталған мақалада профессор Ақселеу Сейдімбектің (1942-2009) еңбектеріндегі түркілік тұтастық идеясын дүниетанымдық тұрғыдан зерделеу мақсатын көздейміз.

Зерттеу әдістері

Ғылыми ізденісімізде А. Эйнштейннің: «әрбір маңызды жетістік жаңа сұрақтар туғызады» [4; 292] деген қағидасын ескере отырып және профессор А. Сейдімбектің түркілік тұтастық идеясы бойынша ғылыми ізденістері негізінде, Тәуелсіздік тұсында қол жеткізген мүмкіндіктер ауқымында өз пайымдауларымызды жасадық.

Мақалада түркі халықтары болмысына тән жалпы менталитеттер мен ұлттық-этностық даралану және қазіргі заманғы тұтастану мәселелері философиялық таным тұрғысынан жеке мен жалпының бірлігі заңына сәйкес қарастырылған. Зерттеу жұмысымызда тұтастық пен нақтылық қағидаларын да ескердік.

Сонымен қатар мақаланың әлеуметтік-тарихи үрдістер мен заманның әр кезеңдерін баяндайтын тұстарында салыстырмалы тарихи және салыстырмалы талдау әдістері де кеңінен қолданыс тапты. Және өзіндік қажетіне қарай тарихи-әлеуметтік талдау, саралау, және салыстыру т.б. әдістер де пайдаланылды.

Нәтижелері

Түрікшілдік — XIX ғасырдың соңына қарай қарқын алған түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым. Түрікшілдікті насихаттаушылардың көш басында Париж университетінің түлегі, аса жоғары интеллектуал, саяси қайраткер, бүкіл мұсылман әлеміне танымал тұлға Исмаил Гаспринский тұрды. Ол өз идеясын түрікшілдік «тілде, пікірде, істе — бірлік» деген ұранмен өзі шығарған «Тәржіман» газеті арқылы насихаттады. Кейін кеңес үкіметі тұсында бұл ағымды да, оның жақтастарын да қаралап көрсеткенімен, олар негізінен оң мақсат ұстанған ұлт, ел-халық қамын ойлағандар еді. Анықтық үшін айта кетелік, өз бастауын түрікшілдіктен алатын «пантюркизм» — түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым, діни-саяси идеология болса; «Жаңа әдіс» дегенді білдіретін «жәдитшілдік» өңірдегі түрік-мұсылман жұртшылығын ағарту, өзгерту мен дамыту үшін еңбек ету, демократиялық құқықтар үшін күрес т.б. көздеген болатын. Сондықтан да түрік тектес халықтардың арасында олардың қолдаушылары өте көп болды.

Бұл саяси ағымды Алаш зиялылары да қолдады. Ел қамын, ел бірлігін ойлаған Алаш зиялыларының түрікшілдігі тарыдай шашырап кеткен түркі жұртының ортақ мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрлерін, бауырластықты жаңғырту идеясын ұстанған мәдени-рухани қозғалыс еді. Алаштықтар XX ғасырдың басында Ресей Империясының қол астында отарлық езгінің тауқыметін тартқан қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының азаттық қозғалысын өрбітуді көздеді. Алайда олардың бұл армандары жүзеге аспады, көздеген мақсаттарына жету бұйырмады.

Оларды сол тұстағы тоталитарлық жүйе қуғын-сүргінге ұшыратса, жақсы ниетпен басталған түрікшілдік қозғалысын «ұлтшылдық» деп айыптады. Кейін болмыстары бір-біріне жақын түрік этносы тұтастанудың орнына әміршілдік-әкімшілдік жүйенің күшімен ауқымы тарылып, енді ол негізгі мақсаты түрік тектес халықтардың тілі мен ориентологияны зерттеуге арналған түркология ғылымы ретінде дамыды.

Тәуелсіздік жылдарында ғалымдарымыз осы кеткен ағаттықтарға назар аударып, түркологияның көкжиегін кеңейтті, бұрынғы кемшіліктердің орнын толтыру бағытында жұмыстар жасалуда. Профессор А. Сейдімбек теориялық-методологиялық тұрғыдан түркология саласында кеткен осы ағаттықтарды былайша пайымдайды. Біріншіден, Еуропа ғалым-зерттеушілері үшін түркология күні бүгінге дейін ориенталистиканың, яғни шығыстанудың бір саласы ғана. Ал Шығыс дегеніміз тарихи-мәдени тұрғыдан алғанда көпсалалы, көпүлгілі, көптекті құбылыс; екіншіден, түркология негізінен

түркі халықтарының тілін зерттейтін ғылым ретінде бой көтерді де, бұл үрдіс күні бүгінге дейін жалғасуда. Яғни, ол түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін кешенді қалпында біртұтастықта зерделеуге қол жеткізе алмай келеді. Сондықтан да, түркологтармен түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті жалпыадамзаттық тарих пен мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмай келеді; үшіншіден, әуелі Ресейде, кейін Кеңестер Одағында белгілі деңгейде дамыған түркология ХХ ғасырдың ортасына қарай ғылыми ақиқатқа жетуден гөрі, социалистік идеологияның ықпалына көбірек бой алдырды [1; 322].

Міне, осындай методологияның зардабынан этногенетикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтастығы бар ұлттар мен ұлыстардың аралары қашықтай берді. Ал, егерде, түркі тектес халықтардың тарихи-мәдени болмыстарын біртұтас құбылыс ретінде қарастырғанда, біз Еуразия құрлығында мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениеттің болғанына көз жеткізер едік. Сонымен қатар, профессор А. Сейдімбек өзінің ғылыми ізденістерінің өзегі еткен көшпелілер мәдениетінің де мән-маңызын түсінер едік. Алайда, жоғарыдағыдай үрдіс «біртұтас түркі мәдениетінің болғанын, қазір де бар екенін жоққа шығарып қана қойған жоқ, сонымен бірге объективті ақиқатқа жетудің ғылыми жолын да тұйыққа тіреді» [1; 322].

Айта кеткеніміз жөн бұрын да, кешегі социализм тұсында да түркология ғылымы тоқтаған жоқ, сан жағынан алғанда бұл саланың мамандары да өсті. Сонымен бірге түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетіне қатысты кереғар тұжырымдар да сонша молая түсті. Нәтижесінде «советтік түркология шындыққа жетуден гөрі, оны күрделендіріп, ғылымға кереғар тұжырымдар көбейді, тіпті әрбір түркі тектес ұлттардың өз «түркологиясын» қалыптастырып, түркі тектес халықтардың арасын алшақтата түсті» [1; 323]. Бұл ойының дәлелі ретінде зерделі зерттеуші А. Сейдімбек, кезінде «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясымен жарық көрген 200 томдық еңбекте бүкіл түрік әлеміне ортақ тұлғалардың өзбектікі, қазақтікі тағы басқа деп меншіктелгенін қынжыла жазды. Мәселен, жоғарыдағы еңбектің 55-ші томында Қожа Ахмет Ясауи мен Ахмет Иүгінеки өзбек ақыны делінсе, Қорқыт, әл-Фараби, ибн-Сина, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн сияқты бүкіл түркі халықтарына ортақ тарихи тұлғаларды да әркімдерге меншіктеп берген. Соған қарағанда осы басылымға жауапты адамдар адамзаттың арғы-бергі тарихынан аз хабардар, ал ұлт пен ұлыстардың қалыптасуынан бейхабар болса керек. Профессор А. Сейдімбек атап көрсеткендей, «осылайша, бір кездегі айырмашылығынан гөрі тектестігі басым, жаттығынан гөрі жақындығы басым түркі тілдес халықтар соңғы бірер ұрпақтың көз алдында түпкі тұтастығын тану арқылы ғана даралығын тануға болатын мүмкіндіктерін әлсірете түсті. Бұл жағдайды түркі тілдес халықтардың бүгінгі таңдағы әр тарапты тарихынан, әдебиеті мен өнерінен, фольклорлық мұрасынан, алфавит қалыптастыру және термин жасау үрдістерінен де айқын аңғаруға болады» [1; 323].

Қазіргі уақытта Кеңестер Одағы ыдырап, оның орнына бірнеше Тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Олардың бірқатары түркі тілдес мемлекеттер. Бүгінгідей түркология ғылымы тарихи сындарлы кезенді басынан кешіп жатқанда, оның ғылым саласы ретінде жаңа деңгейде көрініс табуын, бұл жолда теориялық-методологиялық соны (жаңа) серпін жасау керектігін, әсіресе осы саланы жалпы түркі халықтарының тарихи болмысын айғақтайтын ғылым ретінде кешенді қалпында зерделеу керектігін уақыттың өзі қажет етіп отыр. Бұл мәселеге осы тұрғыдан келген ғалымдарымыздың ортақ ойлары «қазіргі уақытта түркология ғылымының ауқымын кеңейту және көне түркілік дәуірмен жалғастықта қарау арқылы түркілік тұтастыққа бетбұрыс жасау бүгінгі заман талабы» [5; 4-5], – деген профессор А. Сейдімбек пікірімен үндеседі.

Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып түрік мәдениетін, тарихын сөз еткенде адамзаттың рухани, мәдени дамуына түрік халықтарының қосқан үлесінің мол екенінің куәсі боламыз. Біз бұрынғы бабаларымыздың бұдан бір жарым, екі мың жыл бұрын өзінің төл алфавитін жасай алғандығын мақтаныш ете аламыз. Осы мұраның жекелеген қалдықтарының біздің заманымызға дейін жеткені дүние жүзінің зиялы қауымына мәлім. Бұл тасқа қашалып жазылған жәдігерліктерден көне түркі халқының арман-мақсаты, мүддесі мен болмысы анық сезіледі. Сонымен қатар, «сол дәуірдегі Еуропа жұртшылығында әлі жазу болмаған кезде түркілердің өз тарихын тасқа басып жазуы үлкен мәдениеттің көрінісі. Тарих ғылымында өзіндік жазудың болуы дербес мемлекеттіктің белгісі болып саналады» [6; 32].

Профессор А. Сейдімбек көне түркілер мен бүгінгі түркі тектес халықтардың сабақтастығы мен тұтастықтарын көптеген нақты мысалдармен шынайы дәлелдейді. Олар: *тілден, мақал-мәтелдерден, таным-тағылымдардан, діни наным-сенімдерінен, дәстүрлерінен, өмір салттарындағы кейбір ұқсастықтардан* көрініс табады деп есептейді. Бұның ақиқат екендігіне жоғарыда аталған түрік

болмысына тән кез келген жағдаятты талдау арқылы көз жеткізуге болады. Біз профессор А. Сейдімбек пікірлерін негізге ала отырып, солардың кейбір бағыттарына тоқталып өтеміз.

Ғалым А. Сейдімбектің пікірінше, көне түркілер мен қазақтардың мәдени сабақтастықтары ең алдымен тілден көрінеді. Қазақ тілі өз бастауларын байырғы түркі замандарынан алады, яғни біздің ұлттық тіліміздің шекарасы мен шегі біздің көзқарасымыз бен дүниетанымымыздың да шекарасын көрсетеді. Тіл арқылы ұлттың менталитеті мен мәдениеті ашылады. Сондықтан да ХХ ғасырдың аяғына қарай тіл мәдениетінің өнімі (жемісі, нәтижесі т.б.), оның өмір сүруінің құрамдас бөлігі және мәдени кодтардың қалыптасу факторы ретінде қарастырыла бастады. Көне түркілік жазба мұрағаттар тілінен сол заманғы түркілердің дүниетанымы, мәдениеті анық көрінеді және сол заманғы таным-түсінік пен мәдениет бүгінгі қазақ ұлтының мәдениетінен алыс емес, тіпті әлде қайда жақын, ұқсас, ортақ. Ескерткіштердің тасқа қашалып, орнатылғанына мың жылдан асса да, оның лексикасындағы көптеген сөздер қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен мағыналық, тұлғалық жағынан өте ұқсас болып келеді.

Түркі халықтарының тарихи туыстығы мен тарихи тағдырларының ұқсастығы, тілдерінде ғана емес, музыкалық өнерлерінде де сақталған. Өнер зерттеушілері олардың музыкаларынан осы ұлыстардың тарихи тамырларын тануға себебі тиетін көптеген фактілерді тапқан. Сол факті-деректердің бірі — туыстас ұлттардың музыкалық аспаптары. Сондықтан, профессор А. Сейдімбек атап көрсеткендей, ортақ музыкалық мұраларымызды кешенді түрде, салыстыра зерттеу — түркология ғылымына да, түркі халықтарын жақындастыруға да зор ықпал ететін, игілікті іс.

Түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының арасындағы ұқсастықтарды ғалым-зерттеушілер тегін айтып жүрген жоқ. Бүгінгі қазақ философиясының ең негізгі қайнары түркі халықтарына ортақ ойлау жүйесінен келетіні секілді, қазақ музыкасының да түп-тамыры, ежелгі арнасы түркілік әуен-саздарда жатқаны анық. Солардың бірі қобыз репертуарында орындалып жүрген Қорқыт атаның күйлері. Қазақтың белгілі музыка зерттеушісі Б. Сарыбаев «Қазақтың музыка аспаптары» атты еңбегінде «қазақтың кейбір музыкалық аспаптары Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарына көп ұқсайтындығы» [7; 11] жайлы жазған. Ал осы елдердің және өзімізге іргелес жатқан Орта Азия елдерінің музыкасы да қазақ музыкасынан алшақ емес екені барша жұртқа белгілі. Бұған дәлел ретінде бүгінгі күнгі қазақтың домбырасы мен қырғыздың комузының сыртқы ұқсастықтарын да, ән-әуездерінің де үндесіп жататындығын айтуымызға болады. Өйткені, түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының пайда болуы мен шыққан тегі бір. Әуел баста, бір нұсқада шыққан музыкалық аспаптар, кейін келе, әрбір ұлттың өзіне тән өмір салтымен, ерекшеліктерімен көптеген өзгерістерге ұшыраған.

Зерттеуші А. Сейдімбектің тағы бір ерекше назар аударғаны *көне түркілік таным мен бүгінгі қазақ халқының таным-түсінігінің* де ұштасып жатқандығы. Мысалы көне түркілерге ортақ тотем (кие) — *көк бөрі* (қасқыр). Ал көнеден келе жатқан наным-сенім бойынша киелінің атын атауға болмайды. Бағзы замандардағы түркі тайпалары қасқырды *көк құрт*, *бөрі* деп атаған. Мұндағы *көк* сөзі — «аспан», «көк түс»; ал *құрт* сөзі — «құтқару», «аластау» мағынасын береді, көне түріктер танымында *көктен түскен құтқарушы*. Көне түркілер өздерін осы Көк бөріден тарадық деп түсінген, туларына алтынмен әдептелген бөрінің басын бейнелеген. Қазақ халқы үшін де бөрі — қасиетті тотем. Сондықтан көне көз қариялар күні бүгінге дейін оның атын атамай «ит-құс» дейді. Осы таным-түсінік негізінде қазақтарда үлкеннің, сыйлы адамның атын атамау, келіндерінің ата-енесінің аттарын атамаулары күні бүгінге дейін сақталған. Ол зор құрмет деп есептелінеді [8; 19].

Профессор А. Сейдімбек көне түркілер мен бүгінгі қазақтардың *діни көзқарастары мен наным-сенімдерінен* де үндестік табады. Ислам дінін ұстанушы түрік тектес этностар арасында, оның ішінде қазақтарда да бұл діннің өз тамырын сонау көне түркі дәуірінен алатыны белгілі. Көне заманда байырғы түркілердің ортақ діни сенімдері Көк Тәңірі болған, соған табынған. Тек IX–X ғасырларда ғана Орта Азияның түркі тілді халықтарының кейбір бөліктері Ислам дінін қабылдай бастады. Алайда табиғатына жауынгерлік тән түркі тайпаларының арасында Исламды қарудың күшімен кіргізу мүмкін емес еді. Дін таратушылар түркілердің жауынгерлік рухын бағындыра алмайтындарына көздері жетіп, бейбіт уағыз жолын ұстанды. Ислам дінінің ұстанымдары да араб тілінде емес, жергілікті халықтың өз тілінде, түркі тілінде, өлең-жырмен таратылды. Тәңіршілдікпен ортақ, ұқсас, адамгершілік наным-сенімдер көп болғандықтан, түркі тайпалары мұсылмандықты жеңіл қабылдады. Қазіргі заманда да түркі тектес, түрік тілдес мұсылмандар арасында бұл салада аса айтарлықтай алшақтықтар көрінбейді.

Түркі халықтарының наным-сенімдеріндегі ортақтықтар көбіне *ырымдар мен тыйымдардан* көрініс тапқан. Тыйымның түбіне үңілер болсақ, оның арғы жағында таным тұрады. Ал ол іс-әрекет кезінде жаманатқа ұшыратқан белгілі бір құбылыс, жамандыққа ұрындырған жағдай болуы, немесе, тұтас адам болмысына, оның жекелеген жақтарына әсер ететін әрекеттер жиынтығы болуы мүмкін. Сондықтан түркі тектес халықтар танымында тыйымдар тәртіп пен тәрбиенің, тазалықтың, денсаулықтың, сыпайылықтың, адамгершіліктің көзі. Қазіргі қоғамда біз өзіміздің осы құндылықтарымызды ескере бермейміз, оның өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына да мән бермей жүрміз. Профессор А. Сейдімбек пікірінше, «кез келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, кісілік қалыптарының, діннің, заңның, яғни, кең мағынасында мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасады» [9; 24], сондықтан түбі бір түркі халықтарының бірліктері тыйыммен де байланысты.

Түркі халықтарына тән ортақ үндестікті көрсету үшін біреу мысалдарға жүгінелік. Табалдырыққа қатысты тыйым. Көне замандарда көптеген халықтарда, оның ішінде түркі тектес этностарда да, табалдырықты басу — үйдің иелерін басыну, зорлық жасау сияқты түсініліп, әулеттің, қала берді көпшіліктің наразылығын тудырған. Сондықтан үйге кіріп-шығып жүрген жас балаларға да, басқаларға да «табалдырықты баспа» деп ескертіп отырады. Ал біздің қазақтар арасында табалдырықты басу мен босағаға керілу күні бүгінге дейін жаман ырым болып саналады. Аталған тыйым туралы басқа да көптеген түсіндірулер бар. Тағы бір мысал, якуттарға қатысты. Олар қыздарына малдың құлағы мен көзін жегізбейді. Бұл тыйым бұзылса, балалар ұры болады деген сенім қалыптасқан. Ал қыздар мен әйелдер сиырдың көзін жесе балалары бадырақ көз болып туылады деп тыйым салған [10; 123]. Осыған ұқсас ырым-тыйымдар басқа да түрік тектес этнос өкілдеріне де тән. Отпен байланысты нанымдар мен тыйымдар да бүкіл түрік жұртшылығында бар және белгілері мен көріністері де ортақ. Бүкіл Орта Азия халықтарына тән бос бесікті тербетпудің мәні, егер бұл тыйым бұзылса ол үйде бала тумайды, немесе туа сала шетінеп кетеді деген қалыптасқан наным-сенім бар. Осындай ырымдар жас баланың шашын алуға, оған көз тиеді деп оның киімдеріне моншақ, құстың тұяғын тағу т.б. түрінде бүкіл түрік тектес халықтарға тән [11; 187]. Көріп отырғанымыздай түркі тектес халықтардағы ырымдар мен тыйымдар арасында аса алшақтық жоқ, өзара үндес. Бұның өзі олардың түп тарихының ғасырлар бойғы бірлігін көрсетіп қана қоймай, олардың қазіргі заманғы тұтастануына да тетік болары сөзсіз.

Танымдық тұрғыдан алған түрік тілді халықтар арасында «Ата сөзі» деп ұғылып, қабылданатын *мақал-мәтелдердің* орны ерекше. Түрік тектес халықтар өзара қарым қатыста, әр түрлі әлеуметтік ортада, қуаныш пен қайғыға қатысты сөздерінде мақал-мәтелдерді жиі қолданған. Қазақ халқы түсінігінде орынды қолданылған «мақал — сөздің көркі» [12; 44]. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дейтін қазақ билері дау-дамайда, әлеуметтік шиеленістерде айтылған ойдың ішінен оның түйінін тауып көпшілікті сол түйінді шешімге сендіре білген, бұл кейін «сөзге тоқтау», «сөзге қонақ беру» салтына айналған. Ал билердің білімділігі мен таным тереңдіктерін көрсеткен.

Профессор А. Сейдімбек қазақ халқының *мақал-мәтелдері* де өз бастауларын көне түркі әдебиетінен алады деп есептейді. Көне мен жаңаны сабақтастырып тұрған мақал-мәтелдер халық шығармашылығының төл жемісі, өмір тәжірибесінен түйінделген даналық нәтижесі. Мақал-мәтелдер түркі халықтарының даналық шыңы. Бабадан қалған ескі сөздің, есті сөздің тарихта пайда болу, қалыптасу кезеңдері бүгінгі дәуірден қанша алыс кетсе, халықтың кеменгер ойшылдығы, ой зергерлігі, сөз көсемдігі тарихы да соншалық әріден басталады.

Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдерінің көпшілігі бір-біріне ұқсас болып келеді, дәлме-дәл қайталанатын ортақ мақалдар да көптеп кездеседі. А. Сейдімбектің пайымдауынша, оның басты себебі, бұл халықтардың тағдыры, кәсібі мен шаруашылық ортақтығы, немесе, ұқсастығы. Сонымен қатар, әдет-ғұрып, сенім-нанымдарының да сәйкестігі. Рухани әлемдерінде де айта қаларлықтай алшақтықтардың болмауы [13; 37]. Тегі бір түркі халықтарының рухани мұралары да ортақ. Көне заманнан келе жатқан Күлтегін, Тоныкөк жазбаларында, М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінде, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармаларында қолданылатын мақал-мәтелдер башқұрт пен татарға да, қазақ пен қырғызға да, түрік пен өзбекке де, басқа да түрік тілдес халықтарға ортақ. Бұл саясаттың салдарынан алшақтап кеткен түрік тектес халықтардың бастапқы бірліктерінің куәсі.

Түркі дүниесінің рухани мұраларындағы *тәрбие* туралы ой-пікірлерде де ортақтық бар. Мысалы, Ж. Баласағұн еңбектеріндегі «Ұлдар мен қыздарды қалай тәрбиелеу керек» деген бөлімінде:

«Мейірімді, таза болса тәрбиесі,

Баланың еркін өсер ақыл-есі» [14; 421], – деген жолдар бар. Адамзат баласының оның ішінде түрік жұртының көркем мінезі мен қайырымдылығы, ізгілігі жөнінде Ахмед Йүгінекиден бүкіл түркі әлемі болмысына тән мынадай терең тәрбиелік мәнді сөз қалған:

«Бақыла бар қылықты, жақсыны ерте,
Ізгілік кімде болса, соны «ер» де,
Ағаш қой — қайырсыз жан жемісі жоқ,
Ағашты жемісі жоқ, кесіп өрте...
Біреуден бір жақсылық көре қалсаң –
Еселеп қайтар, ақыл осыны ұқты» [15; 398-399].

Бұл адами қатысқа, түсінік пен бірлікке құрылған, әрбір әрекетін ақылға жеңдіріп отыратын түрік моралі. Қазақтың «сыйға сый, сыраға бал» деген тәмсілінің де түп тегі өз тамырын осы ұстанымнан, көне орта ғасырдан алады. Дана Абай ұрпағын тіпті түрік тұтастығының шеңберінен шығара «адамзаттың бәрін бауырым» деп сүйюге шақырды [16; 57].

Көріп отырғанымыздай, адамдардың әлеуметтік, немесе, ұлттық бірлестіктерге ұйысуының негізін ортақ дүниетаным, ортақ сенім құрайтыны анық. Кез келген елдің, немесе халықтың өркениеттік бағытта дамуы сырттан енгізілген ықпалдардың әсерімен емес, ұлт болмысының терең рухани қыртыстарын қамтитын дүниетанымдық тұрғыдан шешіледі. Сондықтан ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде оны танымдық-көзқарастық тұрғыдан қарастырудың маңызы зор.

Талқылау

Ғылыми ортада белгілі, түркологияның дербес ғылым саласы ретінде дамып зерттелгеніне де үш ғасырдан асты. Осынау уақыт ішінде онымен айналысып, адал қызмет етіп, тұтас саналы ғұмырын арнап, артына аса бағалы мұра қалдырған танымал ғалым-зерттеушілер болды. Олар терең ізденістері мен есепсіз еңбектерінің арқасында түркологияны өз алдына дербес ғылым саласына айналдырды. Нәтижесінде қазіргі уақытта түркология дүниежүзінің кейбір ғылыми орталықтары мен оқу орындарында дербес ғылым саласы ретінде зерттеліп, оқытылатын дәрежеге жетті. Алайда, кез келген ғылым саласы сияқты түркология да күрделі ізденіс жолдарынан өтті. Сондықтан да түркологияның ғылым саласы ретінде дамуында да, оның негізгі мақсат-мүддесін айқындауда да, жетістіктер мен кемшіліктер қатар жүрді, әсіресе, сол тұстағы идеология айтарлықтай әсер етті.

Түркологияға деген бірқатар еуропа және орыс зерттеушілерінің көзқарастарына көңіл аударсақ, олар түркологияны негізінен түрік тектес ұлттардың тілін зерттейтін ғылым саласы ретінде қарады. Соның салдарынан оның көпсалалы құбылыс екеніне назар аудармады. Бұндай жағдайда түркілік тұтастану туралы сөз болуы да мүмкін емес еді.

Философиялық, дүниетанымдық тұрғыдан келер болсақ кез келген мәселені қарастырғанда оған жан-жақты және мақсатты түрде келіп, белгілі бір міндеттерді шешуді, немесе, оны нақтылауды басшылыққа алуымыз керек. Бұндай амал-әдіс біз назар аударып отырған түркілік тұтастықты дәйектеу мен оның басқа ғылыми ізденістермен салыстырғандағы айырмашылығы мен ұқсастықтарын сипаттауға да тікелей қатысты. Біздің зерттеу жұмысымыздың осы тектес басқа жұмыстармен салыстырғандағы басты ерекшелігі — тек Тәуелсіздік тұсында ғана мүмкін болған түрік тектес мемлекеттердің экономикалық, саяси-әлеуметтік интеграциясын профессор А. Сейдімбектің түркілік тұтастану идеясы негізінде дүниетанымдық тұрғыдан пайымдауымызда.

Біз өз ізденістерімізде қол жеткен нәтижелерді түсіндіру үшін түрік жұртшылығының бір бұтағы, көшпелілердің арғы-бергі тарихын дүниетанымдық тұрғыдан жүйелі зерттеген, даланың ауызша тарихнамасының білгірі, профессор А. Сейдімбектің: «Еуразияның алып даласында көне түркі тайпалары белгілі бір этномәдени тұтастықты ғана қамтамасыз етіп қоймай, өзіндік өрнегімен екі дүниенің тұтасқан жүйесі туралы ілім-білім, наным-сенім қалыптастырғандары талас тудырмайтын ақиқат» [17; 99] деген тұжырымдамасын басшылыққа алдық. Өйткені, ғалым-этнограф, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек қазақстандық ғалымдар арасынан түркілік тұтастық мәселесіне ерекше көңіл бөліп, оны жалпыдүниетанымдық, көзқарастық тұрғыдан алғаш рет зерделеп, заман талабына сай ерекше ой-пайым қалыптастырған зерттеушілердің бірі. Бүгінгі түркілік тұтастану тұсында А. Сейдімбек сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерін талдау арқылы түркітанудың жаңа қырларын ашып, көкжиегін кеңейту заман талабы. Біздің ғылыми ізденісіміздің өзектілігі мен қол жеткізген нәтижелеріміздің дәйектілігі де осында.

Қорытынды

Түрік тектес халықтардың тілін, өнерін, мәдениетін, олардың руханияттарының ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі — өркениетін тұтастыра зерттеу бүгінгі күн талабы. Академик М. Қозыбаев: «Еуразия сахарасындағы Дала өркениетінің, көшпелілер өркениетінің өзегі бір замандарда сақ, ғұн тайпаларының бір тармағы қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек. Өркениет локальді өркениет түрінде дара келеді, сонымен бірге әлемдік даму мұхит болса, ол оған дария болып қосылады. Біртұтас адамзат тарихының бір саласы болып таралады да, кейін жекеше, дара түрде өзіндік болмыстарын бейнелейді» [18; 10-11], – дейді. Бұдан шығатын қорытынды: түріктік тұтастану осы этносқа кіретін ұлттардың ерекшеліктерін, даралықтарын жоймайды, керісінше, олар бір-бірін байыта, дамыта түседі.

Қазіргі таңда түркі тектес халықтардың рухани жаңғыру үдерісі жүріп жатыр деген сөздер жайдан-жай, жалаң айтыла салған сөз деп те айта алмаймыз. Рухани жаңғыру өткен ортақ мәдени мұрамызды, тарихымызды тану, оның мәнін қорыту бағытында жүріп, көне мәдениетіміздің жете біле бермеген көкжиектерімен жақыннан танысып, табысуымызға әкелуде.

Профессор А. Сейдімбек пайымдауларын басшылыққа ала отырып ой қорытар болсақ, біз мақаламызда сөз еткен түркология саласының дүниетанымдық тұрғыдан әлі де зерттеп, зерделейтін тұстары жеткілікті. Қазіргі уақытта біздің елімізде көне түркі өркениетінің қалдырған мұраларын зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Жаңа зерттеулер барысы Ұлы Даланы мекендеген түркі халықтарының мәдени-рухани кеңістіктерін тығыз байланыста және тұтастықта зерделеудің қажеттігін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу жұмысымыз бұл саладағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде белгілі сұраныстар мен қажеттіліктерге ие деп есептейміз және сонысымен де құнды.

Болашақта зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда қосымша материал ретінде кеңінен пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының кейбір тұстарын қажетіне қарай түрік тектес этностардың жаңаша бірігуін негіздеуде, тұтастықтарын өмірдің өзінен туындаған заңдылық деп түсіндіру барысындағы саяси ұстанымдарда қолдануға болады деген пікірдеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сейдімбек А. Шығармалары [6 томдық] / А.Сейдімбек. — 5-т. — Астана: Фолиант, 2010. — 880 б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалары / М.Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 1989. — 512 б.
- 3 Тоқаев Қ.-Ж. Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы / Қ.-Ж. Тоқаев // Егемен Қазақстан. — 2024. — 9 тамыз.
- 4 Воронцов В.В. Симфония разума / В.В. Воронцов — Москва, 1996. — 292 с.
- 5 Сейдімбек А. Түркология және Орхон ескерткіштерінің атласы / А. Сейдімбек // Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. — Алматы, 2005. — Б. 4–8.
- 6 Орынбеков М. Мировосприятие древних казахов / М. Орынбеков. — Алматы: Наука, 1996. — 168 с.
- 7 Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары / Б. Сарыбаев. — Алматы: Өнер, 1981. — 342 б.
- 8 Вопросы исследования единого духовного наследия тюркологии: прошлое, настоящее и будущее. Материалы Международной научно-практической конференции. — Уральск, 2014. — 420 с.
- 9 Сейдімбек А. Тәуелсіздік және рухани мәдениет / А. Сейдімбек // Қазақстанның даму стратегиясындағы мәдениет пен өнердің орны. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (25 желтоқсан, 1998). — Алматы, 1999. — 270 б.
- 10 Гордлевский В.А. Избранные сочинения. Т. 4: Этнография, история востоковедения, рецензии / В.А. Гордлевский. — Москва: Наука, 1988. — Т. 3. — 322 с.
- 11 Фирштейн Л.А. О некоторых обычаях и поверьях, связанных с рождением и воспитанием ребенка у узбеков Южного Хорезма / Л.А. Фирштейн // Семья и семейные обряды у народов Средней Азии и Казахстана. — Москва: Наука, 1998. — С. 189–209.
- 12 Қазақ мақал-мәтелдері. — Алматы: Білім, 2004. — 272 б.
- 13 Тарақты А. Ауызша тарихнама / А. Тарақты. — Алматы: Білім, 1994. — Б. 31–47.
- 14 Баласағұн Ж. Құтты білік / Ж. Баласағұн; аудар. А. Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
- 15 Қазақ халқының философиялық мұрасы [Жиырма томдық] / құраст. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманалиева. — Астана: Аударма, 2005. — 5-т: Орта ғасырлық түрік ойшылдары. — 534 б.

- 16 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-т. / А. Құнанбайұлы. — Алматы: Жазушы, 2005. — 336 б.
- 17 Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау / А. Сейдімбек. — Алматы: Санат, 1997. — 464 б.
- 18 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт / М.Қ. Қозыбаев. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. — 369 б.

Г.С. Симуканова

Профессор Ақселеу Сейдімбек и идея тюркской целостности

Тюркские народы имеют единое происхождение. Их связывают общий образ жизни, верования, язык и менталитет. Однако изменения, произошедшие в мире в начале XX века, в том числе идеологические, политические и социальные конфликты в Советское время, сильно подорвали единство и целостность тюркских народов, в том числе народов Средней Азии и Казахстана. Пострадали и лидеры нации. Тюркология как наука ограничивалась лингвистическими и ориенталистскими рамками и рассматривалась лишь как один из разделов востоковедения. Во второй половине прошлого века в мире происходил процесс глобализации, в результате чего, государства, входившие в состав Советского Союза, обрели независимость. Благодаря этому, государства, образованные этносами единого тюркского происхождения, получили возможность общаться и вступать в сотрудничество. На основании этого в политической и научной литературе поднимается вопрос о тюркской интеграции. На наш взгляд — это требование времени. В годы Независимости тюркологи обратили внимание на недочеты прошлых исследований и расширили горизонты тюркологии. В частности, уделено внимание политико-социальным, экзистенциально-мировоззренческим аспектам процесса интеграции тюркских стран. В данной статье мы ставим перед собой цель изучить идею тюркского единения в трудах профессора Ақселеу Сейдімбека, внесшего значительный вклад в развитие тюркологии.

Ключевые слова: тюркизм, тюркология, тюркская цивилизация, тюркская культура, тюркская мораль, тюркское мировоззрение, преемственность и целостность, тюркская интеграция, тюркские познания.

G.S. Simukanova

Professor Akseleu Seydimbek and the idea of Turkic integrity

Turkic peoples have a common origin. They are linked by a common way of life, beliefs, language and mentality. However, the changes that took place in the world in the early twentieth century, including ideological, political and social conflicts during the Soviet era, strongly undermined the unity and integrity of the Turkic peoples of the world, including Central Asia and Kazakhstan. The leaders of the nation suffered as well. And Turkology as a science was limited to linguistic and orientalist frameworks, considered only as one of the sections of Oriental Studies. In the second half of the last century, the process of globalisation was underway in the world, and subsequently the states that were part of the Soviet Union achieved Independence. Since Independence, the states formed by ethnic groups of common Turkic origin were able to communicate and enter into co-operation. Based on this, the issue of Turkic integration is raised in political and scientific literature. In our opinion, this is a requirement of the time. In the years of independence, our Turkologists have paid attention to the omissions of the past years and expanded the horizons of Turkology. In particular, attention has been paid to the political-social, existential-worldview aspects of the integration process of Turkic countries. In this article we aim to study the idea of Turkic unity in the work of Professor Akseleu Seydimbek, who has made a certain level of contribution to Turkology.

Keywords: Turkism, Turkology, civilisation, Turkic culture, Turkic morality, Turkic worldview, continuity and integrity, Turkic unity, Turkic knowledge.

References

- 1 Seydimbek, A. (2010). *Shygarmalary: alty tomdyq [Works: six volumes]*. Vol. 5. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 2 Zhumabaev, M. (1989). *Shygarmalary [Works]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Tokaev, K.-Zh. (2024). Ortalyq Aziia renessansy: ornlyqy damu zhane orkendeu zholy [Central Asian renaissance: the path to sustainable development and prosperity]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, 9 August [in Kazakh].
- 4 Vorontsov, V.V. (1996). *Simfoniia razuma [Symphony of the Mind]*. Moscow [in Russian].

- 5 Seydimbek, A. (2005). Turkologiya zhane Orkhon eskertkishterinin atlası [Atlas of Turkology and Orkhon monuments]. *Kone turki zhazba eskertkishteri: zhazu madenietinin bastaulary, tildin damu qubylystary — Ancient Turkic written monuments: the beginnings of writing culture, the phenomena of language development*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Orynbekov, M. (1996). *Mirovospriatie drevnikh kazakhov [Worldview of ancient Kazakhs]*. Almaty: Nauka [in Russian].
- 7 Sarybaev, B. (1981). *Qazaqtyn muzykalyq aspary [Kazakh musical instruments]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 8 (2014). Voprosy issledovaniia edinogo dukhovnogo naslediiia tiurkologii: proshloe, nastoiashchee i budushchee [Questions of research into the single spiritual heritage of Turkology: past, present and future]. *Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii — Proceedings of the International Scientific and Practical Conference*. Uralsk [in Russian].
- 9 Seydimbek, A. (1999). Tauelsizdik zhane rukhani madeniet [Independence and spiritual culture]. *Qazaqstannyn damu strategiiasyndagy madeniet pen onerdin orny: Respublikalyq gylimi-praktikalıq konferentsiia materialdary (25 zheltoqsan, 1998) — The place of culture and art in the development strategy of Kazakhstan. Proceedings of the Republican Scientific and Practical Conference* (p. 270) Almaty [in Kazakh].
- 10 Gordlevskii, V.A. (1988). *Izbrannye sochineniia. Etnografiia, istoriia vostokovedeniia, retsenzii [Selected works. Ethnography, history of oriental studies, reviews]*. Vol. 3. (Vols. 1–4). Moscow: Nauka [in Russian].
- 11 Firshtein, L.A. (1998). O nekotorykh obychaiakh i poveriakh, sviazannykh s rozhdeniem i vospitaniem rebenka u uzbekov Yuzhnogo Khorezma [About some customs and beliefs associated with the birth and raising of a child among the Uzbeks of Southern Khorezm]. *Semia i semeinye obiady u narodov Srednei Azii i Kazakhstana — Family and family rituals among the peoples of Central Asia and Kazakhstan* (pp. 189–209). Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 (2004). *Qazaq maqal-matelderi [Kazakh proverbs]*. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 13 Taragty, A. (1994). *Auysha tarikhnama [Oral history]*. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 14 Balasagun, Zh. (1986). *Qutty bilik [Kutadgu Bilig]*. (A. Egeubaev, Trans). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 15 Nysanbaev, A., & Kurmanalieva, G. (Comp.). (2005). *Qazaq khalqynyn filosofiialyq murasy. Orta gasyrlyq turk oyshyldary [Philosophical heritage of the Kazakh people. Medieval Turkish thinkers]*. Vol. 5. (Vols. 1–20). Astana: Audarma [in Kazakh].
- 16 Kunanbaiuly, A. (2005). *Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy. [Complete two-volume collection of his works]*. (Vol. 2.) Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 17 Seidimbek, A. (1997). *Qazaq alemi: etnomadeni paiymdau [Kazakh world: ethnocultural perspective]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 18 Kozybaev, M.K. (2001). *Orkeniet zhane ult [Civilization and nation]*. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет

Симуқанова Гүлдарига — PhD докторант, философия кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-9281-7870>

Information about the author

Simukanova Guldariga — PhD student, Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-9281-7870>